

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының  
білім бөлімінің «Бақалы» бөбекжай – бақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Бақалы ауылы

05. 01. 2026 ж

**Бұйрық № 4**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің "Бақалы" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жұмыс тобы құрылсын.

2. Бөбекжай-бақшада сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілсін.

3. Бөбекжай - бақшада сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2026 жылғы 09 қаңтардан бастап 2026 жылдың 09 ақпанға дейінгі кезең белгіленсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында 2025 жылдың маусым мен желтоқсан аралығы қамтылсын.

5. 2026 жылдың 18 ақпанға дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың анықтамасы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстары әзірленсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

"Бақалы" бөбекжай-бақшасы" меңгерушісінің м.у.а.  Б. Абдиқаримова



"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы  
Жуалы ауданының білім бөлімінің  
"Бақалы" бөбекжай-бақшасының"  
2026 жылғы "05" қаңтардағы №4 бұйрығына  
1-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау  
жүргізу үшін жұмыс тобының құрамы**

Абдикаримова Баглан Сатынбековна – меңгерушісінің м.у.а, жұмыс тобының төрайымы

Жұмыс тобының мүшелері:

Сариева Асель Айдархановна - әдіскер

Беркимбаева Асель Нурдаулетовна - бухгалтер

Шымыр Олжас Ермекұлы - шаруашылық меңгерушісі

Оразбаева Айгуль Анартаевна - медбике

Сауранбекова Бальнур Койшибайкызы - тәрбиеші

Джумагулова Гульнур Алшынбековна - тәрбиеші